

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін контракттар жасасу тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 қыркүйек N 1092. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.27. N 484 қаулысымен. ~P980484

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заң күші бар N 2828 U962828\_ Жарлығын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін Контракттар жасасу тәртібі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп о т ы р ) .

2. Қазақстан Республикасының Құзырлы органдары жер қойнауын пайдаланушылармен Контракттар жасасқан кезде осы Ережені басшылыққа а л а т ы н б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының атқарушы органдары жер қойнауын пайдаланушылармен сараптау жұмысын және Контракттарды келісуді осы Ережеге с ә й к е с жүргізетін б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушылармен Контракттар жасасу және атқару жөніндегі Құзырлы органдарымен бірлесіп жұмыс істеп тұрған мұнай-газ өндіруші және тау-кен ұйымдарының тізбесін айқындасын және Қазақстан Республикасының Құзырлы органдары олармен жер қойнауын пайдалануға контракттар жасасуды 1996 жылы қамтамасыз ететін болсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заң күші бар N 2828 Жарлығы күшіне енгізілгенге дейін жасасылған Контракттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының осыған байланысты актілері күшінде болады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 6 қыркүйектегі

№ 1092 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану  
операцияларын жүргізу үшін Контракттар жасасу тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ

Ереженің қолданылатын саласы

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін жасалатын Контракттардың негізгі принциптерін белгілейді және қатынастарын реттейді.

2. Пайдалы қазбалардың және Техногенді минералдық құрылымдардың кейбір түрлеріне сәйкес Жер қойнауын пайдалану үшін операциялар жүргізуге Контракттар жасауға байланысты ерекшеліктер Пайдалы қазбалардың және Техногенді минералдық құрылымдардың тиісті түрлері туралы заң актілерімен белгіленеді.

3. Осы Ережедегі қолданылатын анықтамалар мен терминдер Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауларын пайдалану туралы" (бұдан әрі - "Жер қойнауы туралы" Жарлық) Заң күші бар Жарлығында берілген терминдер мен анықтамаларға сәйкес келеді.

Жер қойнауын пайдалануға операциялар жүргізу үшін  
жасалатын Контракттардың түрлері

4. Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға операциялар жүргізу үшін Контракттар мынадай жағдайларда:

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу кезінде;  
Барлау кезінде;

Өндіру кезінде, оның ішінде Мемлекеттік меншіктегі Пайдалы

қазбаларды Техногенді минералдық құрылымдардан өндіру кезінде;

Барлау және Өндіру кезінде;

Өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салу мен пайдалану кезінде жасалады.

5. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі нақты операциялардың шарттарына және басқа да жағдайларға байланысты Контракттардың құрама

және басқа түрлері рұқсат етіледі.

6. Өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салу мен пайдалануға беру үшін "Жер қойнауы туралы" Жарлықтың және осы Ереженің Өндіруге жасалатын Контракттар үшін қолданылатын қағидалары пайдаланылады.

#### Контрактінің тараптары

#### 7. Контрактінің тараптары мыналар:

Құзырлы орган - Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе облыстық атқарушы орган (Жаппай тараған пайдалы қазбаларға) Контракттар жасау мен орындауға тікелей байланысты құқықтар берген атқарушы орган;

Жер қойнауын пайдаланушы (Мердігер) - "Жер қойнауы туралы" Жарлыққа сәйкес жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге құқық алған азамат немесе заңды тұлға, мемлекет немесе халықаралық ұйым болып табылады.

8. Егер Контрактінің тарабы ретінде заңды ұйым мәртебесі жоқ Мердігерлер бірлестігі жұмыс жүргізетін болса, мұндай Мердігерлер ортақ құқыққа ие болады және Контракт бойынша ортақ міндеттерді орындайды.

Бұл жағдайда Контрактінің тараптары:  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құзырлы органы;  
Мердігерлер бірлестігі болып табылады.

Контракт жасау жөнінде келіссөздер жүргізу үшін Мердігерлер бірлестігі мердігерлер атынан келіссөз жүргізетін өкілетті топ құрады.

Мердігерлер бірлестігі атынан Контрактіге осындай Мердігерлер бірлестігіне қатысушының әрқайсысы қол қояды.

9. Құзырлы органның Жұмыс тобы келіссөздер барысында кеңесу үшін басқа мүдделі мемлекеттік органдардың мамандарын қатыстыра алады. Бұл жағдайда мемлекеттік органдар Жұмыс тобына қажетті кеңестер беруге немесе өздерінің мамандарымен қамтамасыз етуге міндетті.

10. Егер Контрактілер бір Кен орнының түрлі учаскелерінде Өндіруге Лицензиялары бар бірнеше Мердігерлермен бөлек жасалынған болса, мердігерлер өз араларында Кен орнын бірлесіп пайдалану жөнінде жазбаша келісім жасай алады. Бұл келісім Құзырлы органмен келісілуі қажет.

11. Жер қойнауын пайдалануға операциялар жүргізу үшін жасалған Контрактіде бір тарап жағынан Құзырлы орган болмаса, бұл Контракт күші жоқ

д е п

с а н а л а д ы .

## Контракт бойынша келіссөздер бастау негізі

### 12. Тараптардың Контракт бойынша келіссөздер бастауына жер

қойнауын пайдаланушының Жер қойнауын пайдалануға операциялар жүргізу үшін Лицензия алуы негіз болып табылады.

13. Тараптардың жер қойнауын Мемлекеттік геологиялық зерделеу Контрактісі келіссөздер бастауына өкілетті органның жер қойнауын пайдалану және қорғау туралы әкімшілік Актісі (бұдан әрі - Акт) негіз болып табылады.

14. Өндіру Контрактісі Кен орындарының қорын мемлекеттік сараптық бағалаудан кейін жасалады. Барлау және Барлау мен Өндіру Контрактілерін (қатар қолданылатын Лицензиямен) жасасу үшін қорды мемлекеттік бағалаудың керегі жоқ.

### Контракт жасасу мерзімі

15. Контракт жасасу мерзімі Лицензияда немесе Актіде көрсетіледі. Контракт жасасу мерзімін Құзырлы органның ұсынысы бойынша Лицензия беретін жұмысшы органның рұқсатымен екі рет ұзартуға болады, бірақ 6 айдан көп болмауы керек.

16. Егер тиісті ұзартуларды ескере отырып белгіленген мерзім ішінде тараптар келісімге келмесе, келіссөздер тоқтатылуы, ал Лицензия қайтарылып алынуы тиіс. Мұнда жер қойнауын пайдаланушының келіссөздер жүргізу мен Контрактіні дайындауға жұмсаған шығындарының орны толтырылмайды.

### Контракт жобасын дайындау үшін келіссөздер жүргізу

17. Құзырлы орган Контракт дайындау мақсатында Жер қойнауын пайдаланушымен дербес келіссөздер жүргізеді, ол үшін кез келген мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан қажетті кеңестер алуға құқығы бар Жұмыс тобын құрады.

18. Құзырлы орган мен Мердігердің Контрактіні дайындауы мынадай тәртіппен жүргізіледі:

Тараптардың бірінші кездескен күні келіссөздердің басталуы болып саналады, бірақ Лицензия берілген уақыттан 30 (отыз) күннен кешіктірілмейді.

Контракт жобасы Лицензия, Модельді Контракт қолданылатын құқық негізінде дайындалады және Лицензияда немесе Актіде белгіленгеніндей Контракт жасасу мерзімінің аяқталуына дейін 90 күннен кешіктірілмей Құзырлы о р г а н ғ а б е р і л е д і .

Құзырлы орган Контракт жобасын алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей оны тікелей келіссөздер арқылы Мердігермен талқылауы немесе өзінің Контракт жобасының шарттарымен келісетіндігі немесе келіспейтіндігі ( бас тартатындығы) туралы Мердігерге хабар беруі тиіс. Кейбір шарттармен келіспеген жағдайда немесе ұсынылған Контракт жобасынан мүлде бас тартқан жағдайда Құзырлы орган сол мерзім ішінде Мердігер дайындаған Контракт жобасымен келіспеушілік хаттамасын ресімдеп, өзінің шарттарын ұсынуға м і н д е т т і .

Келіспеушілік хаттамасын Мердігер қабылдамаған жағдайда келіссөздер тараптардың Контрактінің барлық шарттары бойынша келісімге келгенге дейін жүргізілуі тиіс, бірақ осы Ереженің 15-тармағына сәйкес белгіленген мерзімнен а с п а у ы к е р е к .

19. Келіссөздер барысында тараптармен келісілген Контракт жобасы мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

Жұмыс тобының және Мердігердің өкілетті өкілдері қол қоюы керек;  
Лицензия немесе Актінің шарттары мен ережелері Контрактіде өзгертулерсіз е с к е р і л у і к е р е к ;

Моделді шарттың барлық шарттарының мәні Контрактіде ешқандай өзгертулерсіз ескертілуі керек;

Контракт Қазақстан Республикасында қолданылатын іс қағаздарының талаптарына сай болуы тиіс.

20. Контракт жобасының экономикалық моделін және салық жүйесін Құзырлы орган Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясымен бірлесе отырып белгілейді, ал Жаппай тараған пайдалы қазбалар үшін - облыстық экономика басқармасы және облыстық салық инспекциясы белгілейді.

#### Контракт жобасын келісу тәртібі

21. Тараптардың дайындаған Контракт жобасы қол қойылғанға дейін міндетті түрде арнайы атқарушы органдармен:

айналадағы табиғи ортаны қорғау мәселесі бойынша - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, Жаппай тараған пайдалы қазбалар бойынша оның аймақтық басқармаларымен; денсаулық сақтау мәселесі бойынша - Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігімен, Жаппай тараған пайдалы қазбалар бойынша - облыстық денсаулық сақтау бөлімдерімен;

жер қойнауын қорғау және пайдалану мәселесі бойынша - Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Жаппай тараған пайдалы қазбалар бойынша - жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аймақтық басқармалармен;

жұмысты қауіпсіз жүргізу және тау-кен қадағалауы мәселесі бойынша - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Жаппай тараған пайдалы қазбалар бойынша - оның облыстық басқармаларымен келісіледі.

22. Келісім жасау үшін Лицензияның көшірмесін және Контрактінің жобасын тапсыру қажет. Келісімге келуші органның аталған құжаттардан басқа құжаттар т а л а п е т у г е қ ұ қ ы ж о қ .

23. Келісімнің жалпы мерзімі тиісті органның Контракт жобасын

алған күннен бастап 15 күннен аспауы тиіс. Келісімнің жалпы мерзімінен алғашқы 10 (он) күннен кешіктірмей тиісті орган Контрактінің шарттарына өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша түрде және жалпы мерзімнің аяғына дейін тапсыруға және Контракт жобасы шарттарының өзгергендігі туралы мәселелерді келісуге міндетті.

#### Контракт сарапшылығын өткізу тәртібі

24. Контракт қол қойылғанға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті атқарушы органдарында міндетті түрде экономикалық, салықтық, экологиялық және құқықтық сараптаудан өтуге тиіс.

25. Контракт жобасының сарабын Контракт тараптарының тәуелсіз сарапшылары жүргізуіне болады.

Тәуелсіз сарапшылар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өткізілген сараптаудың дұрыстығы мен негізделгеніне толық жауап береді.

26. Сараптау өткізу мерзімі Контракт құжаттарының жобасын сараптауға тапсырған күннен бастап 30 (отыз) күннен аспауы тиіс.

27. Контракт жобасына сараптау өткізілуіне байланысты барлық шығындарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Мердігер өтейді.

28. Контрактінің шарттары Контрактінің өзі жасалған нысанда өзгертіледі. Бұл жағдайда келісуге және сараптауға Контрактінің өзгертілген мәтіні ұсынылуға тиіс.

## Контрактіге қол жою және оны тіркеу

29. Келіссөздер мен келісімдер және сараптау өткізілгеннен кейін Контракт жобасына Құзырлы органның басшысы және Мердігердің өкілетті өкілі қол қ о я д ы .

30. Жер қойнауын пайдалануға операциялар жүргізу үшін жасалатын Контракттарды тіркеу Жер қойнауын пайдалануға операциялар жүргізу үшін жасалатын Контракттарды тіркеу тәртібі туралы Ережемен реттеледі.